

№12 Р. Әлібекұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының Қамқоршылық кеңес алдында тапсырған жылдық есебінің қорытынды хаттамасы

29.12.2023 жыл.

Хаттама №2

Еңбекші ауылы

Күн тәртібінде:

1. Жылдың қорытынды есебі туралы.

Мектеп директоры С. Қалғанбаев өз сөзінде... Қамқоршылық кеңес алдында жыл қорытындысын оқу жылының соңында жасайды. Әйтсе де өтіп бара жатқан күнтізбелік жылда не атқарылғанын саралап, келер жылға жоспар құру да маңызды екенін ұмытпаған жөн. 2023 жыл білім беру мекемеіздің материалдық техникалық базасы нығайды деуге толық негіз бар.

Қазіргі таңда мектебімізге қосымша 8 бейнебақылау камераларымен жабдықталып, барлығы 15 дана болды.

Өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында, мектепке өрт дабыл түймешесі орнатылды. Өрттен қорғалу шаралы жасалынды.

2023-2024 оқу жылының бастамасы «Мектепке жол акциясы» жобасымен басталды. Ауылдың азаматтары, кәсіпкер демеушілер оқу жылының басында 4 баланың мектеп формалары, оқу құрал саймандарымен толықтай қамтамасыз етті.

1-қыркүйек «Білім күні» мерекесіне арналған «Мектебім –мейірім мекені» атты үлкен көлемде іс-шара өтті.

8-қыркүйек. Республикалық бірыңғай «Дене сергіту» жаттығу чөлентжі өткізілді «Жер- 2023» Республикалық командалық штабтық оқу жаттығуы. 11- қыркүйек сағат 10:00 де мектепішілік «Баршаның назарына» құлақтандыру дабылы іске қосылып, мектеп бойынша жалпыға бірдей сейсмо жаттығу өткізілді. Аудан прокуратурасының ұйымдастыруымен оқушыларға Есірткі қылмысна қарсы іс-қимыл және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жиын өтті.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес ата-аналар жиналысы өтті.

Мектептің психологиялық қызмет бойынша «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында 10-11 сынып оқушыларына психологиялық түсіндірме жұмыстары өтті. Сынымен қатар ата-аналар жиналысы өтті. «Өзін-өзі басқару» ұйымының Мектеп Парламенті Президентін сайлауы өтті. Қыркүйек айында 1-5 сыныптарға бейімділігін анықтау тесті алынып, түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Қыркүйек-қазан айлары аралығында Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша «БЕСТЕРЕК» жобасы бойынша диагностикалар алынып, қорытындысы жасалынып, есебі ауданға мәлімет түрінде берілді, облыс базасына салынды. Шыққан жоғарғы қадағалау тобындағы оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілуде.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Күзгі демалыста кітап оқимыз» марафоны, чөлентж, жылдам оқу сайысы, Bookrooscink атты акция ұйымдастырылды.

«Зорлық зомбылыққа қарсы 16-күн» жоспары бойынша флешмобтар жіне креативті іс-шаралар өтті.

«Ішкі үйлесімділік – көңіл күйдің бақшасы» атты іс-шара жоспары бойынша «Біздің үй» бағдарламасы ретінде ата-аналар жиналысы өтті.

08.11- 13.11. 2023 жылы күндер аралығында оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалалары Эсселер мына тақырыптарда алынды:

«Өзінді мақта» /5 сынып/

«Менің армандарым»

/6 сынып/

«Менің өмірім» /7 сынып/

«Менің айтылмаған сырларым» /8 сынып/

«Мен өзгерткім келеді»

/9 сынып/

«Мен таңдаған өмір»

/10 сынып/

«Болашаққа хат» /11 сынып/

12.10.2023 жылы күні Э.Г.Эйдемилер және В.Юстицкийдің «Отбасындағы қобалжуын анықтау» тесті алынды.

Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша анықталған оқушылармен сұхбат жүргізу. 5-11 сынып

17.10.2023 жылы күні «Адамдармен ағаш» проективті әдісі Д.Лампен, Л.П.Пономоренконың алынды.

Әр айда қыздар, ұлдар, жалпы оқушыларды кезеңге бөліп жиналыстар жүргізілуде.

23.10.2023 жылы күні оқушылар арасындағы түсінбеушіліктің алдын алу және жағымды қарым-қатынас орнату мақсатында «Ашу – ыза билегенде не істеу керек?» атты тренингі 10-11 сыныптарымен жүргізілді.

Биылғы жыл жаңалығы бастауыш сынып оқушыларының тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету болды деуге болады. 1-4 сыныпта оқитын 100 бала, әлеуметтік жағдайына қарай жалпы 20 бала бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде. Үйде оқитын 2 оқушыға мектеп тарапынан оқуға керекті құрал жабдықтармен қамтамасыз етілді. Тұрмысы өте төмен 2 отбасына жеке кәсіпкер тарапынан қыстық күртеше мен аяқ киімдермен қамтамасыз етілді.

Сапалы оқыту және өздігінен оқып, білім алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығаруға болады. Сондықтан оқу-әдістемелік жүйесін дамыту қашан да өзекті мәселе. Астана қаласында өткен республикалық «Ұлы дала дарыны» атты форумына екі оқушымыз қатысып, жүлделі орынға ие болды.

Жарылқасын Балнұр қазақ тілі пәнінен қатысып Дипломмен марапатталса, Қадір Гүлбану ағылшын тілі пәнінен қатысып Дипломмен марапатталды

Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, олардың кәсіби және әдістемелік дайындығына байланысты, мектеп әкімшілігі тарапынан мұғалімдерге тұрақты түрде әдістемелік қолдау көрсетіліп тұрады. Мұғалімдерге көрсетілген әдістемелік қолдаулардың нәтижесінде білім алушылардың жетістігі артып отыр

Ұстаздар мерекесі қарсаңында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жантөре Абдраманов Республикалық «Ынтымақ жолы» қоғамдық қоры атынан сертификат беріліп, «Еселі еңбегі үшін» «Ы. Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды. Кәсіподақ тарапынан Елемесов Ахметгали мен Ибрагимова Акима ұстаздарымыз да «Кәсіподаққа еңбегі сіңген қызметкер» белгісімен марапатталды.

Спорттық сайыстардан да оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болып жүр. Мектебіміздің 8-сынып оқушысы Қадір Бөріхан Дәуіржанұлы Еркін күрестен "Қазақста Республикасының спорт шеберлігіне кандидат" спорттық разряды берілді. Қазақстан Республикасының спорт шебері атағының иесі атасын.

«III Ыбырай жазулары» дәстүрлі жазба жұмысы байқауында орыс тілі пәнінен Исламбай Назерке ауданнан екінші орын алып, алғыс хатпен марапатталды.

Келесі сөзге Қамқоршылық кеңесі төрағасы Е. Әлімбаев шығып, мектеп директорының қорытынды есебіне «қанағаттанарлық» деп баға беріп, алдағы уақытта жұмыстарына шығармашылық табыс пен атқарылатын жұмыстарды жандандыруға тілек білдірді.

Әлеуметтік желіге жарияланды:

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0ntqeSriYnMLg6aKod7wMorzLEifoDJxGr7spytermD5UiWAuDN7HnerbrMxE4SiPl&id=100085644638147&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0ntqeSriYnMLg6aKod7wMorzLEifoDJxGr7spytermD5UiWAuDN7HnerbrMxE4SiPl&id=100085644638147&mibextid=Nif5oz)

Қаулы:

1. Жылдың қорытынды есебі қанағаттанарлық деп табылсын, алдағы атқарылатын жұмыстар жандандырылсын.

Жиналыс төрағасы:

С. Қалғанбаев

Хатшы:

А. Елемесов